

Pts . No 86 is Railway or Tramway Stock Etc; Traffic Signal Equip . No 87 is Vehicles, Except Railway or Tramway and Parts Etc. No 89 is Ships, Boats and Floating Structures. No 99 is Special Import Provisions, Nesoi

3 R (15) means the import from Russia accounts for 15% of total import of this goods . \* means the import percentage is below 0.1%. # means it isn't the first five import of this country. K(0) means the import of the goods from Kazakhstan is zero.

4 <http://kz.mofcom.gov.cn/aarticle/ddgk/h/201101/20110107375793.html>.

5 Yang Fengmin, Zhang Yongan, <EC Economics>, (Revised), P 22, Shanghai People Publishing's house, September, 2008.

1. Badinger H., "Growth Effect of Economic Integration: The Case of the EU Member States(1950-2000)", IEF Working Paper , Nr. 40 , 2001
2. Baldwin .R E., "Measurable Dynamic Gains from Trade", Journal of Political Economy , 100(1). 4, 1992
3. Balassa, B.: "The Theory of Economic Integration", London Allen & Unwin Press, 1961.
4. Cooper C.A. and Massell B.F., "Towards a General Theory of Customs Union for Developing Countries", Journal of Political Economy , Vol.73., 1965.
5. Lucas B. and Thomas M.S. "The Dynamics of Economic Integration: Theory and Policy", International Economics and Economic Policy, Vol.1(2), 2004.
6. Frankel J.A., "Regional Trading Blocks in the World Economic System", Washington, DC Institute for International Economics, 1997.
7. Linder, S.B. An Essay on Trade and Transformation. New York: John Wiley and Sone, 1961
8. Michael Frenkel and Thomas Trauth, "Growth Effects of integration among Unequal Countries", Global Finance Journal, 8(1), 2001
9. Venables Anthony J., "Regional Integraton Agreement: a Force for Convergence or Divergence?", World Bank Policy Research Working Paper No.2260, 1999

*Д.А. Калдияров, А.К. Есенгабылова*

## ИСЛАМ ИНВЕСТИЦИЯСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ТАРАЛУЫ

Родни Уилсон атап айтқандай, «Ислам банкі – бұл қауіп-қатер емес, ең алдымен болашаққа деген үміт және оның болашағы бар... Біздіңше, ислам қаржы-банк жүйесі біздің алдымызда капитализмнің батыстық, қытайлық немесе ресейлік үлгілерімен тұтастай іс-қимыл жасайтын капитализмнің айрықша нысаны ретінде көрініс табады. Мұндай үрдісті тек қана құптауға болады» [1]. Ислам экономикасының қағидаттары банктік жүйеге ғана емес, әр түрлі елдердің қаржы жүйесіне кеңінен енгізіле бастады: шариғаттың қағидаларына сәйкес жұмыс істейтін сақтандыру компаниялары, әр түрлі қорлары құрылды. 2007 жылғы екінші жартыжылдықта үдеп отырған, АҚШ-тағы ипотекалық кредиттеу дағдарысынан туындаған әлемдік қаржы дағдарысынан кейін ислам қаржы жүйесіне мүдделілік әсіресе айқын көрінді. Әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан, 1963 жылы Мысырда «Мит Гамр Банк» атты бірінші исламдық банкінің құрылуынан басталған исламдық қаржыландыру қазіргі таңда өте қарқынды дамуда.

Әлемдік исламдық қаржы активтерінің үлкен бөлігі Парсы шығанағының Араб мемлекеттерінің ынтымақтасу кеңесінің (БАӘ, Сауд Аравиясы, Оман, Бахрейн, Кувейт, Катар) еншісінде, яғни 42.9%, немесе 353.2 млн. АҚШ доллары. Ислам қаржысы активтерінің 35.6%-на ие болған Иран мемлекеті жеке мемлекеттер арасында жетекші орын алып отыр. Таяу Шығыс мемлекеттерінен басқа жетекші орындарға Малайзия (10.5%) және Ұлыбритания (2.5%) ие. Мемлекеттердің тағы бір тобын АҚШ, Франция, Испания, Дания, Люксембург, Австралия, Германия, Кайман аралдары, Жапония, Сингапур, Тайланд, Қытай, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Ресей және Түркия құрайды. Бұл мемлекеттердің ұйымдары ислам қаржысының инструменттерін шектелген (локальді) немесе халықаралық исламдық

қаржы құрылымдары арқылы пайдаланады. Исламдық қаржы әлемдік қаржы нарығының бар жоғы 1%-ын ғана құрауына қарамастан, Шариғаттың қатаң ережелерімен алыпсатарлыққа, хедж-операцияларына, баланстан тыс есептерге тыйым салуымен байланысты әлем инвесторларын қызықтыруда. Қазіргі таңда исламдық қаржы ұйымы клиенттерінің 50%-ы – мұсылман еместер. Соңғы жылдары ислам банкингі бизнестің төменгі сатысынан қаржы нарығының, оның ішінде ислам әлемінен тысқары барынша қарқындап өскен бөліктерінің біріне айналды. Мәселен, International Financial Service, London (IFSL) баяндамасына сәйкес, Ұлыбритания Батыс Еуропада жетекші ислам қаржы орталығы болып табылады.

The Banker және HSBC Amanah бірігіп өткізген «500 исламдық жетекші институттар» зерттеуі бойынша, 2009 жылдың ішінде исламдық банкінің активтері 28.6% өсті, яғни 2008 жылы 639 млн. АҚШ доллары болса, 2009 жылы 822 млн. АҚШ долларын құрады. Ал дәстүрлі коммерциялық банктердің активтері "Top 1000 World Bank Rankings", The Banker мәліметі бойынша осы жылдар аралығында тек 6.8% өсті. Ислам қаржысының индустриясы тұрақты қарқынмен өсуде: 2006-2009 жылдар аралығында өсу қарқыны орташа шамамен 27.86% болған. Бұл күндері қарқынды дамып жатқан исламдық қаржыландыру жүйесі әлем бойынша жылына 30 %-ға өсуде. Қазір әлем бойынша 75 елде 450-ден астам ислам қаржы институттары жұмыс істейді. Исламдық банкингінің жыл сайынғы ақшалай айналымы 750 млрд долларды құрайды. 2016 жылға қарай исламдық банктер мен қаржылық құрылымдардың жалпы активтерінің құны 1 трлн. АҚШ долларына дейін өседі деген болжам бар.

Әлемдік қаржы нарығы үшін мұсылман қаржыгерлерінің ойлап тапқан ең маңызды және қызықты жаңалығы ислам облигациясы – сукук болып табылады. 10 жылдың ішінде әлемде 747 сукук шығарылымы жүзеге асты. Жалпы сомасы 106,6 млрд долларды құрайды. Бір қызығы, сукуктың ең ірі эмитенттері ислами емес банктер болып табылады. Сукукты сонымен қатар корпоративті эмитенттер де шығарады. Сукук әлемде ерекше бағалы қағаз ретінде мойындалған және араб елдеріндегі әрбір шығарылымы әлемдік алпауыттар: Citibank, HSBC немесе Deutsche Bank қатысуымен жүргізіледі. Мысалы, әлемдегі ең ірі сомаға Дубай Nakheel компаниясы 2006 жылы 3,52 млрд долларға шығарған сукуктың 40%-дан астамын еуропалық инвесторлар салған. Олардың әлемде кең тарауына ислами емес мемлекеттерде шығарылуы себепші болды. Алғаш рет мұндай шығарылым 2004 жылы Германияда Саксония-Анхальт федералды жерінде жүзеге асырылды. Сол жылы Ұлыбритания, Қытай, АҚШ-та да шығарылды. Азия өңірінде исламдық қаржыландыру дәстүрлі қаржыландырумен салыстырғанда берік позицияға ие. Әлемдік нарықта исламдық қаржыландыру жыл сайын 15%-ға өседі, яғни әлемдегі ең қарқынды өсіп отырған нарықтардың бірі [2].

Қазіргі таңда Қазақстанда қаржылық секторды дамытуда исламдық қаржыландыру маңызды орын алып отыр. Қазақстан ТМД және Орталық Азия кеңістігінде заңды түрде исламдық қаржыландыруды енгізу шараларын бірінші қатардағылармен қолға алды. «Отандық қор нарығын жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет, 2020 жылға дейін ТМД және Орталық Азияның исламдық банкингінің орталығына айналып, Азиядағы қаржы орталықтарының жетекші ондығына кіруі тиіс» - деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылдың 29 қаңтарындағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында. Инвесторлармен жұмыс істеу – Елбасы тапсырмасымен әзірленіп, өткен жылы бастау алған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасындағы басты міндеттердің бірі. Бағдарлама бойынша экспортқа бағытталған құнды өнім шығаратын өндіріс орындарын құру үшін экономиканың нақты секторына тікелей инвестиция тартуға басымдық беріледі. Үкімет те бұл сала үшін барлық жағдайды жасап отыр [3]. Қазақстандағы инвестициялық климат өте қолайлы деп айтуға болады. Оны халықаралық сарапшылар да растап отыр.

2011 жылы 14 наурызда Астанадағы "Исламдық қор нарығын Қазақстанда және ТМД елдерінде дамыту" конференциясында Үкімет басшысының орынбасары, Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев исламдық қаржыландыру Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын инвестициялаудың маңызды көзіне

айналатынына сенім артты. Индустриялық бағдарламаны табысты іске асыру ауқымды инвестицияны қажет ететіне тоқталған Ә. Исекешев, шетелдік инвестиция аясында Қазақстан Үкіметі исламдық қаржыландыруды маңызды деп санайтынын жеткізді. Осы орайда ол заңнамалық база тұрғысында, сондай-ақ исламдық қаржыландырудағы кедергілерді жою бойынша жұмыстар биыл тиісті деңгейде атқарылатынын айтып өтті [4].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2011 жылдың 8 маусымныңда Астана қаласында өткен, Ислам конференциясы ұйымына мүше 57 мемлекеттен 2,5 мыңнан астам инвесторлар қатысқан VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында: «Біз ислам қаржыландыру құралдарын тартуға, ислам елдерімен ынтымақтасуға мүдделіміз. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстандағы ислам инвестициясының өсу әлеуеті таяу жылдары 10 млрд. долларға дейін құрайды», - деп хабарлаған болатын. Соңғы жылдары ислам банктерінің Қазақстанда еркін қызмет етуі үшін көптеген жағдайлар жасалып жатыр. 2020 жылға дейін ел экономикасының үштен бірі исламдық инвестиция есебінен қаржыландырылады. Осылайша Қазақстан ТМД мен Орталық Азия құрлығындағы ислам банкингінің жаңа капитал тартатын өңірлік орталығына айналады [5].

2009 жылдың 12 ақпанында өзгертулер енгізілген «Исламдық банктердің қызметі мен ұйымдастырылуы және исламдық қаржыландыру ұйымдары туралы Қазақстан Республикасының Заңымен» келесідей Исламдық банк операциялары ескеріледі:

1. Заңды және жеке тұлғалар үшін қайтару мерзіміне дейін пайызсыз депозиттерді ашып беру және банк есептерін жүргізу (Қард Хасан және Уадия).

2. Заңды және жеке тұлғалардың инвестициялық депозиттерді қабылдауы (Мударараба).

3. Банктік қарыз операциялары: исламдық банкпен ақшалай түрдегі жедел, қайтарымсыз және сыйақысыз шартымен несие беру (Қард Хасан).

4. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру:

– делдал саудагер ретінде сауда қызметін коммерциялық несие беруімен қаржыландыру (Мурабаха, Истисна);

– серіктестік негізде өнеркәсіптік және саударгелік қатынасты қаржыландыру жолымен заңды тұлғалардың жарғылық қорын құру (Мударараба, Мушарака).

5. Лизингтік шартымен инвестициялық қызмет (Иджара, Иджара уа Иктина).

6. Исламдық банктік операцияларды жүргізу кезіндегі агенттік қызмет (Уакала).

ҚР Заңнамасы бойынша қарастырылған исламдық құнды қағаздардың түрлері:

– исламдық инвестициялық қорлардың пайлары және акциялары;

– исламдық жалгерлік сертификаттар (Сукук Иджара);

– исламдық қатысушылар сертификаттары (Сукук Мударараба, Мушарака);

– Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша бекітілген, исламдық құнды қағаздар болып расталған басқа да құнды қағаздар (Сукук Мурабаха, Сукук Салам, Сукук Истисна және басқа да жаңа Сукук түрлері).

Ислам банкінің депозиттік өнімдерінің түрлері: ағымдағы шоттар, жинақ депозиттері, инвестициялық депозиттер. Ислам банкілік қызметтерінің өзге де түрлері: Хавала (трансфер/аудару), Кафала (кепіл), Рахн (кепілсалым), Сарф (валюта айырбастау жөніндегі қызмет).

Ислам қаржы жүйесінің ең тиімді тұсы – мұнда ақшаны несиеге беріп, одан үстемақы алу харам саналады. «Ислам Даму Банкінің» президенті Ахмад Мұхаммад Әли Әл-Маданидің пікірі бойынша исламдық банктердің негізгі принциптері мынадай: ең алдымен, ысырап жасамау, екіншіден заң жүзінде реттелмеген монополияға тыйым салу, үшіншіден тауарға белгіленген бағаның шектен тыс қымбат болмауы және қарызға алынған қаржының шарифат үкімдеріне сай адал жолмен қайтуы. Былтыр Біріккен Араб Әмірлігінің атсалысуымен алғашқы исламдық «AL Hilal» банкі құрылған еді. Ал биылдан бастап елімізде екі бірдей ислам банкі жұмыс істейді. Әрбір ислам банкінің жанынан Исламдық қаржыландыру қағидалары жөніндегі кеңес құрылған. Кеңестің міндеті – банкте жүргізілетін барлық операциялардың ислам қаржыландыру қағидаларына сәйкес болуын қадағалау. Исламдық инвестициялық қор инвестициялауды Шарифат заңдарына орай жүзеге асырады. Қордың барлық әрекеті Исламдық қаржыландыру қағидалары жөніндегі кеңестің жіті назарында.

Мұсылман инвесторлардың Шариғат заңдарына сәйкес келмейтін жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ, қару-жарақ, арақ-шарап, темекі, шошқа өнімдері, көңіл көтеретін орындар (казино, кинотеатр т.б.), сақтандыру және келісімнен түсетін пайыздар есебінен қызмет ететін қаржылық компаниялардың акцияларын сатып алуға құқығы жоқ. Сондай-ақ, “риба”, яғни, қарыздардың үстінен түсетін пайыздық ақыны алуға қатаң тыйым салынады.

Исламдық банктердің кірісі қаражатты әртүрлі жобаларға салу есебінен қалыптасады. Банк не серіктес ретінде (мұшарак келісімі), немесе траст қорлар ретінде (мұдараб келісімі) әрекет етеді. Тараптар: банк те, клиент те қауіп-қатердің жауапкершілігін теңдей бөлісетіндіктен, салынған қаражат көлеміне сәйкес, жобалардан келетін пайда мен шығын оларға ортақ болады. Осылайша, исламдық банкингте сыйақыға кепілдік берілмесе де, жобалардың тиімділігі мен инвестицияның қайтарылу жауапкершілігі келісім-шарт жасасқан екі жаққа да бірдей жүктеледі. Кредиттеуден кіріс алу үшін ислам қаржы институты кәсіпорынның тәуекелдері мен сыйақыларын толықтай бөле отырып, үлестік қатысушы болуға тиіс, не саудаға қатысуға және тауардың сатып алынатын өзіндік құны мен тауар сатылатын баға арасындағы үстемені ала алады. Заңды және жеке тұлғалардың депозиттеріне де сол сияқты пайыз есептелмейді. Сауда келісімшарттары әділдік қағидаттарына негізделуі және кез келген тараптың заңсыз баюын көздемеуі тиіс.

Қазақстанда исламдық қаржыландырудың басқа ТМД мемлекеттерімен салыстырғанда ұзақ даму тарихы бар. Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы Ислам қаржы ұйымдары: Fattah Finance брокерлік компаниясы, «Al Hilal» ислам банкі, Kausar Consulting, Akyl-Kenes Consulting, Istisna'a Corporation консалтингтік компаниялары. Ислам қаржыландыру салаларындағы білім беру орталықтары: АӨҚО академиясы – ашық форматта қысқа мерзімді оқыту, «Такафул» атты өзара бірлескен халал сақтандыру қоғамы, Ислам қаржыландыру, оқыту және бизнес орталығы.

Қазақстанда сукук нарығының одан әрі дамуына кедергілер де бар. Оған ислам бағалы қағаздары бойынша реттеуші құқықтық нормаларды жатқызуға болады. Мысалы, ислам бағалы қағаздары бойынша ұйымдастырушы – исламдық банктер немесе ұлттық холдингтер бола алады. Ал нарыққа қатысушылар ұйымдастырушылар ретінде мемлекеттік және жеке компанияларды көргісі келеді. Қазақстанда сукук бойынша бірінші болып нарыққа мемлекет емес, корпоративтік сектор шығуы мүмкін. Себебі, бұл корпоративтік сектордағы маңызды жобаларды қаржыландыру үшін қажетті кадамдардың бірі болып табылады. 2010 жылғы HSBC банкінің мәліметтері бойынша, егеменді сукуктардың доллар түріндегі табыстылығы 5,8% құраған, ал корпоративтік сукуктер 6,3% құрады. Ислам Даму Банкі президентінің кеңесшісі Мохаммед Тариктің пікірі бойынша Қазақстан сукук шығару арқылы 20 млрд. доллар көлемінде қаржы тартуға мүмкіндігі бар [2]. Қазіргі таңдағы Қазақстанның заңнамасына сай сукук республиканың қарызы ретінде қарастырылады. Инвесторлар шешімді қарыз алушының сенімділігіне байланысты қабылдайтын болады. Яғни, Қазақстанның несиелік рейтингіне тәуелді болып табылады. Бұл жағдайда қазақстандық сукуктардың бірнеше артықшылықтары бар:

– олар мұнай, газ активтерімен жақсы қамтамасыз етілген, сондықтан сукук көмегімен Қазақстан инфрақұрылымды дамыту үшін қаражат тарта алады;

– Қазақстан – мұсылман елі, сол себепті сукук ішкі нарықта да тартымды болады;

– басқа Азиялық ТМД мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстан жоғары несиелік рейтингке ие.

Қазіргі таңда көптеген қазақстандық компаниялар айналым қаражатының жетіспеушілігіне тұрақты ұшырасып тұрады. Олардың көбісінің капитал нарығына шығуға, несиелер ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндігі болмай жатады немесе несиелер әрдайым қол жетімді бола бермейді. Сондықтан ислам қарыздық құралдары қаржыға деген жетіспеушілікті белгілі бір дәрежеде шешуге мүмкіндік берер еді. Аталған бағалы қағаздың басқа облигацияларға қарағанда көптеген артықшылықтары бар. Дегенмен, аталмыш бағалы қағазды енгізуге байланысты тәуекелдер мен кемшіліктер де жоқ емес.

Кемшіліктер:

- Қазақстандық эмитенттердің санының аздығы және рейтингінің төмендігі;
- шағын және жас нарық (даму тарихы небәрі 10 жыл төңірегіндегі уақытты құрайды);
- инвесторлардың көп бөлігі дәстүрлі инвесторлар, олар дәстүрлі қаржы құралдары арқылы қаржыландырады;
- ұйымдастыруға уақыт және ақша шығыны дәстүрлі облигацияларға қарағанда көп болуы мүмкін.

Тәуекелдер:

- сукук құралының өтімділігі аз;
- аталмыш құрал жайлы Қазақстанда білетіндер аз;
- өнімнің жаһандық стандартының болмауы;
- дефолттарды қайта құрылымдау тәжірибесі жоқ;
- салықтық және құқықтық мәселелер.

Алайда, аталған теріс әсерлерді ұзақ уақытқа бағытталған мақсаттарға қол жеткізу арқылы жою мүмкін деп айтуға болады.

Қазақстанда ислам қор нарығы құралдарын дамыту қажеттілігі де туындап отыр. Алдағы жылдары ислам қор нарығының Қазақстанда «мудароба» және «мушарака» мәмілелері бойынша даму перспективалары жоғары. Қолайлы нарық пен қоғамдық мойындауға қол жеткізу үшін реттеуші органдар инвестициялық сертификаттар мен «иджар сукук» бағалы қағаздарына қатысты стандарттарды жетілдіруі керек. Қазіргі таңда Қазақстанда сукукты қор нарығында орналастыру үшін оны нақты классификациялау критерийлері жеткіліксіз болып отыр. Эмитенттің жариялауға бағыттаған ақпараты негізінде жүйені қарыздық бағалы қағаз ретінде классификациялауға ұсынуға болады. Сукукке қызығушылық Қазақстанда жеке тұлғалар тарапынан қамтамасыз етіледі деп болжанады. Себебі, ірі инвесторлар батыс нарығымен берік ынтымақтасқан. Сукукты қазақстандық нарыққа енгізу елімізге келесідей перспективалар әкеледі:

- қазақстандық компаниялардың капитал тарту нарығын әртараптандыру;
- әлемдік қаржылық қауымдастыққа терең интеграциялану және Қазақстанның аймақтағы исламдық қаржы орталығы ретіндегі ролін арттыру;
- халықаралық қор биржаларында сукук құралымен сауда жасау және листинг жүргізу;
- жаңа қаржы нарықтары мен құралдарын дамыту.

1. Родни Уилсон. Исламский банкинг – шанс на будущее или угроза //Middle East Online. // [www.news.invictory.org](http://www.news.invictory.org)

2. <http://www.rfca.kz/kz/aqparattyq-saraptamalyq-materialdar>

3. Қаржы нарығы: Исламдық жүйенің иі неге қанбай тұр? // <http://dmk.kz/?p=7550#more-7550>

4. Инвестициялаудың маңызды көзі исламдық қаржыландыру болады. // <http://news.nur.kz/178768.html>

5. ДИЭФ-те Ислам даму банкі жанынан ШОБ-тың арнайы қорын құру мәселесі талқыланады. // <http://www.bnews.kz/kk/news/post/52126/>

\*\*\*

Статья посвящена роли исламской инвестиции на мировом финансовом рынке и состоянию распространения исламских финансовых институтов в мире и Казахстане. Также освещается современная динамика развития и принципы работы исламского финансирования. В статье говорится о доле исламской инвестиции в развитии Казахстанского финансового сектора и предпринимаемых мерах для становления Казахстана новым региональным центром в СНГ и Центральной Азии по привлечению капитала исламского банкинга.

\*\*\*

Article is devoted a role of the Islamic investment in the world financial market and to a condition of distribution of Islamic financial institutions in the world and Kazakhstan. Also modern dynamics of development and principles of work of Islamic financing is shined. In article it is told about a dale of the Islamic investment in development of the Kazakhstan financial sector and undertaken measures for formation of Kazakhstan by the new regional center in the CIS and the Central Asia on attraction of the capital Islamic banking.